«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бидайшиева Адеми Бахытбековнаның «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. №217 А (III) тіркелген 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданды. https://adilet.zan.kz 2. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. https://adilet.zan.kz 3. Ғылыми жұмыс «Саяси плюрализмге ашықпыз, экстремизмнен, қарақшылық пен бұзақылықтан қашықпыз» Мемлекет Басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығына сәйкес орындалған.
2.	Ғылым үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды,	Диссертациялық ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасының

	маңыздылығы	ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	ғылымына елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы тереңдетіліп ашылған
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың ғылыми жұмысты жазу стилистикасы басқа авторларға қарағанда өзгеше, дербесс болып келеді. Жазу деңгейі жоғары, мазмұндағы сұрақтар толымыен ашылған. Ғылыми жұмыс Қазақстанда алғаш рет жазылып отыр.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі заманауи талаптарға сәйкес негізделген және жұмыстың өзектілігі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуының, қоғамның құқықтық тәртібі мен азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуының негізгі шарттарының бірі болып табылады. Ғаламдық және өңірлік деңгейдегі геосаяси өзгерістер, жаңа қауіп-қатерлердің пайда болуы, ақпараттық кеңістіктегі тәуекелдердің артуы, мемлекетаралық қарым-қатынастардың күрделенуі ұлттық қауіпсіздік жүйесін құқықтық тұрғыдан жетілдіру қажеттілігін айқындайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды	Ғылыми жұмыстың мазмұны «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздері» атты тақырыптың ғылыми мәнін толық ашуға бағытталған. Жұмыс құрылымы қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес жүйеленіп, зерттеу мәселесінің барлық негізгі аспектілерін қамтиды. Диссертацияның теориялық бөлігінде ұлттық қауіпсіздіктің конституциялық-құқықтық категория ретіндегі мәні, оның құқықтық табиғаты, конституциялық нормалар жүйесіндегі орны мен рөлі талданады. Бұл бөлім тақырыптың конституциялық-құқықтық негіздерін ашуға мүмкіндік береді. Екінші және үшінші бөлімдерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қылмыстық-құқықтық реттеу тетіктері, қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың құқықтық сипаттамасы, олардың қылмыстық-құқықтық құрамының ерекшеліктері мен құқық қолдану тәжірибесі қарастырылады. Бұл зерттеу

			тақырыбының қылмыстық-құқықтық аспектілерін ғылыми тұрғыдан негіздеуді қамтамасыз етеді. Практикалық және қолданбалы бөлімдерде ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар, құқық қолдану қызметіндегі проблемалар және оларды шешудің ғылыми негізделген жолдары беріледі. Осылайша, диссертацияның әрбір тарауы мен тармағы тақырыптың мазмұнын толық ашуға, оның теориялық және практикалық маңызын дәлелдеуге бағытталған. Жұмыс құрылымы мен мазмұны диссертация тақырыбымен толық үйлесіп, оның ғылыми концепциясын жүйелі түрде жүзеге асырады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері сәйкес келеді. **Зерттеудің мақсаты** Анықталған тақырыптың өзектілігіне сүйене отырып, бұл диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің конституциялық және қылмыстық-құқық негіздерін анықтауға бағытталған. Оған конституциялық құрылыс жүйесін зерттеу және ондағы ұлттық қауіпсіздіктің орны мен рөлін көрсету, ішкі және сыртқы саясатта оны қорғаудың негізгі бағыттарын қарастыру. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің қалыптасу динамикасы, ұлттық қауіпсіздік тиімділігінің факторы ретінде заңнаманың мониторингі талданады. Осының негізінде Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін конституциялық-құқықтық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалуда. Зерттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер қойылады: мемлекеттің міндеттері, мақсаттары мен функциялары туралы әртүрлі көзқарастарды зерделеу және оның ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін анықтау; ұлттық қауіпсіздік конституциялық құрылыстың тұрақтылығының кепілі екенін дәлелдеу; - ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі адам, қоғам және

			мемлекет қауіпсіздігінің арақатынасы мен байланысын қарастыру; Қазақстан Республикасының тарихи дамуын оған елдің қауіпсіздігін қорғау қажеттілігі факторларының әсері тұрғысынан қарастыру; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік билікті жүргізетін мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын зерттеу және осы процесті жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу; қоғамдық және діни бірлестіктер қызметінің призмасы арқылы идеологиялық әралуандылық, саяси плюрализм және ұлттық қауіпсіздік арасындағы байланысты, қоғамды рухани-адамгершілік баюдың қажетті шарты ретінде мемлекеттік идеологияға деген сұранысты ашу; Ұлттық қауіпсіздік факторларының бірі ретінде Қазақстан Республикасындағы жаңа әлеуметтік бағыт шеңберінде отбасылар мен балалардың әлеуметтік құқықтарын құқықтық реттеу сапасын арттыру; Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына ерекше назар аудара отырып, мемлекетаралық бірлестіктердің қызметіне қатысуды қоса алғанда, сыртқы саясаттың конституциялық аспектілерін қорытындылау; жаһанданумен бірге жүретін процестерді зерттеу және сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы ұлттық мүдделерді қорғаудың құқықтық жолдарын анықтау; ішкі саясаттағы ұлттық қауіпсіздікті қорғаудың негізгі бағыттарын талдау және олар демократияның дамуын, лайықты өмір сүру деңгейін, демографиялық, экологиялық, азық-түлік қауіпсіздігін, Қазақстанның мемлекеттік егемендігі мен аумақтық тұтастығын қаншалықты қамтамасыз ететінін анықтау; Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Диссертациялық зерттеудің құрылымы

		1) толық байланысқан; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) байланыс жоқ	тақырыптың мазмұнына толық сәйкес келіп, оның теориялық, конституциялық және қылмыстық-құқықтық аспектілерін жүйелі түрде ашуға бағытталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық зерттеуде автор ұсынған жаңа ғылыми шешімдер – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздерін жетілдіруге бағытталған қағидаттар мен әдістер – нақты дәлелдермен негізделген. Бұл шешімдер теориялық тұрғыдан қалыптасқан тұжырымдармен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен тиімділігі көрсетілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертант ұсынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2)) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертант ұсынған диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Толығымен жаңа.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;	Диссертантпен қорғауға шығарылған тұжырымдар жұмыста толықтай дәлелденген. 1. Ереже. Диссертациялық зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясына ұлттық қауіпсіздіктің ресми анықтамасын енгізу мәселесі қарастырылды. Бұл

		3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	анықтама ұлттық қауіпсіздіктің кешенді сипатын – саяси, әскери, ақпараттық, экономикалық және экологиялық құрамдастарын қамтуға бағытталған. Осылайша, Конституцияның 1-бабы мемлекеттің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігін белгілейді. Осы бапқа ұлттық қауіпсіздік ұғымын ресми енгізу Қазақстанның ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғануын қамтамасыз ету үшін құқықтық негіз жасауға мүмкіндік береді. Немесе 5-баптарға) саяси, әскери, ақпараттық, экономикалық және экологиялық құрамдастарды қамтитын ұлттық қауіпсіздіктің ресми анықтамасын енгізу. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. 2. Ереже. Қазақстан Республикасының Конституциясына төмендегідей толықтырулар ұсынылады: - 4-бабы: «5. Конституциялық-құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында Конституция нормаларының сақталуына, билік тармақтарының қызметіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуына, сайлау және саяси партиялар жүйесінің даму деңгейіне, сондай-ақ конституциялық реформалардың жүргізілу рәсімдеріне қатысты тәуелсіз конституциялық мониторинг жүйесі енгізілсін». - 44-баптың Президент өкілеттіктеріне арналған бөліміне мына мазмұндағы жаңа тармақ енгізілсін: «15-1) мемлекетте конституциялық-құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тәуелсіз конституциялық мониторингтің ұйымдастырылуын, оның нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың ұсынымдарды орындауын бақылауды қамтамасыз етеді».;

			7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. 3. Ереже. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңының 1-бабы «Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар» мынадай жаңа тармақшалармен толықтырулар ұсынылады: « 1) «мемлекеттік идеология» – мемлекеттің стратегиялық саясатын, ұлттық мүдделерді, қоғамның құндылықтық негіздерін айқындайтын және қоғамдық бірлікті қамтамасыз ететін идеялар мен қағидаттар жүйесі. 2) «құқықтық қауіпсіздік» – құқықтық жүйенің тұрақтылығын, заңдардың орындалуын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының тиімді қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған жағдай. 3) «демографиялық қауіпсіздік» – халық санының, құрылымының және сапалық сипаттарының ұлттық мүдделерге сәйкес тұрақты және теңгерімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жағдай. 4) «діни қауіпсіздік» – діни алауыздықтың алдын алу, діни экстремизм мен деструктивті діни ағымдардың ықпалын болдырмау арқылы қоғамдағы діни келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ететін жағдай. 5) «азық-түлік қауіпсіздігі» – халықтың физиологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ететін сапалы және жеткілікті азық-түлік өнімдерінің қолжетімділігі мен тұрақты көлемін айқындайтын ұлттық қауіпсіздік құрамдасы. 6) «конституциялық-құқықтық қауіпсіздік» – Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының тұрақтылығын, мемлекеттік билік тармақтарының тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің сақталуын, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын, сондай-ақ Конституцияға қайшы әрекеттердің алдын алу және оларды құқықтық

			жүйеден жоюға бағытталған нормативтік-регулятивтік, институционалдық, ақпараттық-коммуникациялық, ұйымдастырушылық және тәрбиелік шаралардың жиынтығын қамтамасыз ету жағдайы». 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. 4. Ереже. Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 5-бабы «Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық мүдделері» келесідей толықтырылсын. «Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында ұлттық құндылықтар, мәдениет, дәстүрлер және тілдік бірлік сақталады» толықтырулар ұсынылады. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. 5. Ереже. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 255 бабы «Терроризм актісі», «Кибертерроризм» бабымен толықтырылсын. Себебі, атом электр станцияларының маңызды ақпаратқа және АСУ ТР (автоматтандырылған процестерді басқару жүйесі) шабуылдарын бөлек көрсету тиіс. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген.

			6. Ереже. Қазіргі кезеңде жасанды интеллект және deepfake технологияларының қарқынды дамуы ұлттық қауіпсіздікке жаңа қатерлер туғызуда. Deepfake арқылы адамның бейнесін немесе дауысын шынайы етіп өзгерту мүмкіндігі қоғамда жалған ақпарат таратуға, мемлекеттік органдар мен стратегиялық институттардың атынан фейк мәлімдемелер жасауға жол ашады. Бұл қоғамдық сенімділікті төмендетіп, ақпараттық кеңістіктегі тұрақтылыққа нұқсан келтіруі мүмкін. Осылайша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 255 бабы «Терроризм актісі» ЖИ алгоритмдерін, Deepfake технологиялары қолдану, ауырлататын мән-жай ретінде қарастыру. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертант ұсынған диссертациялық жұмыстың ғылыми әдістер диссертацияның мазмұнына сәйкес келеді және негізделіп жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған, ол нәтижелер заманауи технологияны пайдалану арқылы терілген және ғылыми жұмыста анық көрініс табады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық	Ғылыми жұмыстағы теориялық қорытындылар отандық және шетелдік ғалымдардың, мемлкеттік органдардың есептеріне, сот үкімдеріне қамтыла отырып жазылған.

		ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Ғылыми жұмысты жазу барысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Ғылыми жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың соңғы жылдардағы ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасалынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы – зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми түсінік, ұғымдар, заңдылықтар мен қағидаларды тереңдету және жүйелеу қабілетін көрсетеді. Бұл принцип зерттеудің тек тәжірибелік емес, сонымен қатар теориялық саласында да маңызды екенін білдіреді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Практикалық құндылық принципі диссертацияда зерттелген тақырыптың нақты өмірде, құқықтық және мемлекеттік басқару саласында қолданылу мүмкіндігін, тиімділігін көрсетуге бағытталған. Бұл принцип ғылыми зерттеу нәтижелерінің теориялық маңызы ғана емес, сонымен бірге олардың мемлекеттік органдардың жұмысына, құқықтық нормаларды жетілдіруге, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін дамытуға және құқық қорғау тәжірибесіне тікелей әсер етуін білдіреді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация аясындағы ғылыми нәтижелер мен практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Бұрын ғылымда тұжырымдалмаған, ұсыныстар дисертанттың ұсынуымен алғашқы ғылыми жұмыс болып табылады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Дисертациялық жұмыста қауіпсіздік саласындағы статистикалық немесе практикалық материалдардың толық көлемде жинақталмауы, шетелдердің сот үкімдерін көрсеткен жағдайда ғылыми жұмыстың маңызы жоғары боларе еді деп есептеймін, бірақта көрсетілген ескеру жұмыстың қорғалуына ешқандай да кері әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация мақалалар сериясы нысанында емес, диссертациялық жұмыс негізінде қорғалады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Бидайшиева А.Б.-ның «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциясы және қылмыс-құқықтық негіздер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған, талаптарға сай келеді және автор «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алуға лайық. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:
1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін дайындалған Бидайшиева Адеми Бахытбековнаның «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмыс қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймын.

Ресми рецензент:

Қазақстан Республикасы
ІІМ Мақан Есболатов атындағы
Алматы академиясының
қылмыстық құқық және криминология
кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор (доцент) **Батырбаев А.К.**

«__1__» __12_____2025 жыл